

А.К. Текманова, Э.И. Кусайынова, М.Ы. Махашов, Н.С. Айдралим, А.А. Аубакирова, А.К. Көксеген, Н.Е. Ескергенқызы
С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ АЛАҢДАТАТЫН ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазіргі заманғы өркениеттің басты ерекшелігі әлемдік экономикалық жүйелердің, процестердің, ынтымақтастық, экономиканың шоғырлануы мен жаһандану, саясат, ғылым және мәдениет құру болып табылады. Онда қоғамға тән мәдени-экономикалық рухани өркениетті қалыптастыру. Өркениет мәселесі Қазақстан Президенті стратегиясының түпқазығы, басты арқауы-жастар тағдыры. Осы заманауи даму көптеген балалар мен жасөспірімдердің мінез құлқына теріс әсер етіп жатады. Соның әсерінен көптеген қиындықтармен бетпе-бет келгенде дұрыс шешім қабылдау жолдарын білмейді. Осы қиындықтардың нәтижесінен балаларда психикалық өзгерістер, айналасындағы адамдармен тіл табыса алмау, ашулаңшақтық және қоғам өмірінде баланы теріс бағытқа апарар түрлі жолдардың қысымына қарсы тұру қабілеті төмендейді. Бір мезетте тыныш, назды, тіл алғыш баладан ешнәрсеге көнбейтін дөрекі, қиын балаға айналады. Жасөспірімдердің қатал, тұйықтық қасиеттері ата-аналарды қорқытады және алаңдатады.

Түйінді сөздер: оқушылар, жасөспірімдер, жаһандық мәселелер

Азаматтар мен оқушы жастардың денсаулығын сақтау және дамыту Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арналған Жолдауында белгіленген «Қазақстан – 2030» стратегиялық нұсқалы бағыттарының бірі болып табылады [1]. Соңғы уақытта жасөспірімдер арасында суицид көрсеткіші жоғарылап келеді. Балалар не себепті бұндай қадамға баратыны әлі толық зерттелінбеген [8]. Қазіргі заманға қойылатын талаптар өскен сайын балаларға түсетін психологиялық жүктеменің де көлемі артып келеді. Қазіргі ақпараттарға сүйенетін болсақ, бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында өзекті мәселелр және қоғам өмірінде баланы теріс бағытқа апарар түрлі жолдар өте көп кездеседі. Оларға психикалық өзекті мәселелер, зиянды әдеттер, зорлық, суицид, қоршаған ортадағы адамдармен тіл табыса алмау және т.б. жатқызылады [5]. Жалпы жасөспірімдік кезеңде адам түрлі қиындықтарға қарсы тұруға қабілетсіз және бұл кезең психикалық және денелік тұрақсыздықтың айқын көрінетін кезеңі [3]. Осы өтпелі кезеңде мәселелерді анықтау және оларды шешу маңызды болып табылады. Мәселелерді дер кезінде анықтау арқылы жасөспірімдерге тиімді психологиялық көмек беру, қажет болған жағдайда емдеу болашақта баланың дұрыс жетілуіне, қоршаған ортадағы адамдармен тіл табысуына, психологиялық дамуында ауытқулардың алдын алуға, теріс бағытқа апарар түрлі жолдарға түспеуіне мүмкіндік жасайды.

Жұмыстың мақсаты: Алматы қаласының жалпы білім беретін мектептерінде және мектеп гимназиясында сауалнама өткізу арқылы қазіргі замандағы жасөспірімдерді алаңдататын актуальды проблемаларды сауалнама арқылы анықтау және сараптама жүргізу

Зерттеу материалдары мен әдістері: Зеттеу жұмысы Алматы қаласының жалпы білім беретін мектептерінде және мектеп гимназиясында 14-16 жас аралығындағы мектеп оқушыларының арасында сауалнама арқылы жүргізілді. Сауалнама 7 сұрақтан тұрады және анонимді түрде, тыныштық жағдайда, ересек адамдардың қатысуынсыз, қысым көрсетусіз толтырылды. Жалпы сауалнама толтыруға қатысқан оқушы саны 114 болды.

Зерттеу нәтижелері: Оқушыларға берілген суалнамада келесі сұрақтар және оларға берілген жауаптар: *Сенің ойыңша қазіргі замандағы жасөспірімдерді ең көп алаңдататын мәселелер?* Ата-анамен қарым-қатынас, достарымен қарым-қатынас, екінші жартының мәселері, оқу мәселері, алкоголь және темкі шегу, есірткі, зерігу, депрессия, ғаламтор тәуелділігі. (Диаграмма -1)




Диаграмма 1 - Сенің ойыңша қазіргі замандағы жасөспірімдерді ең көп алаңдататын мәселелер?

Осы берілген сұрақтарға оқушылардың 37 % ғаламторға тәуелділікті таңдады. Бұның себебі қазіргі замандағы жасөспірімдер бос уақыттарын ғаламторда отырумен өткізеді. Екінші орында алкоголь және темкі шегу мен оқудағы проблемалар (14%). Ең аз таңдалған нұсқа-есірткі (0 %). *Сенің ойыңша қазіргі замандағы жасөспірімдерді тағы қандай мәселелер алаңдатады?* Ешқандай, ақша жетіспеу және қажетті затты сатып алалмау мәселелері, айналаңдағыларды түсінбеу, өз ойын жеткізе алмау, қоғамға тәуелділік, өзін көрсете алмау, ерекшеленудің мүмкін болмауы, жалғыздық проблемалары, кәсіпті таңдау, өзін-өзі іске асыру, дұрыс кәсіпті және жоғарғы оқу орынды тандап түсу, қоршаған орта статусы, демалыс қызметі, қоршаған ортадағы адамдардың қатігездігі, үйден кету, секс сұрақтары және қарым-қатынас, тұрақсыз жыныстық өмір, порнография, өзін-өзі төмен бағалау, саяси проблема, терроризм, жемқорлық, суицид, денсаулық сұрақтары, қорғаушы органдармен мәселелері, нашар экология, өзгемәдени мәселелері, жақындарынан айырылу, балағат лексика. Бұл сұрақтарға оқушылардың 34 %-ы емтихандар, ЖОО-ына түсу нұсқасын таңдады. Ең аз таңдалған нұсқалар-демалыс қызметі, субкультура проблемалары, әлеуметтік жетімдік. Келесі «Сенің ойыңша,

жасөспірімдер өз проблемаларын қалай шешеді?» сауалнама сұрағы бойынша (Диаграмма -2) Ата-аналарынан көмек сұрайды, басқа туыстарынан көмек сұрайды, проблемаларды достарымен бірге шешеді, әлеуметтік педагог, педагог-психологқа барады, өзінен үлкен жолдастарынан көмек сұрайды, басқа мекемелердің қызметкерлеріне барады. Нұсқауларға оқушылардың көп бөлігі яғни, 51 %-ы ата –аналарынан көмек сұрайды, 35 %-ы проблемаларын достарымен бірге шешеді, ең аз таңдалған нұсқалар-әлеуметтік педагогке, педагог-психологқа барады (2%), басқа мекемелердің қызметкерлеріне барады (0%).




Диаграмма 2 - Сенің ойыңша, жасөспірімдер өз проблемаларын қалай шешеді?

Жасөспірімдерге көмек беретін мекемелерді білесің бе? деген сұраққа оқушылардың 77 %-ы білмеймін 23%-ы ия білемін деген нұсқаны таңдады. ҚР-сының территориясында балаларға арналған сенім телефоны бар екенін білесің бе? деген сұраққа оқушылардың 77 %-ы білмеймін 23%-ы ия білемін деген нұсқаны таңдады. Сенің ойыңша, достарың балаларға арналған сенім телефонына хабарласады ма? деген сұраққа оқушылардың 62 %-ы білмеймін 34 %-ы жоқ 4 %-ы ия нұсқасын таңдады. Сен балаларға арналған сенім телефонына көмек сұрап хабарласар ма едің? деген сұраққа оқушылардың 48 %-ы ондай мәселе жоқ, 25 %-ы жоқ, 10 %-ы ия нұсқасын таңдады.

Қортынды: Жасөспірімдер арасында жоғарыда аталған проблемалардың өзектілігі олардың психологиялық тұрақтылықтарына жоғары талап қояды. Жүргізілген зерттеу сараптамасының нәтижесі бойынша қазіргі жасөспірімдердің 60 %-ға жуық балалардың ішімдік пен шылымға, ғаламтор жүйелеріне тәуелділікті және ата-анасымен ара қатынасындағы алауыздықтың бар екендігін көреміз. Атап айту керек, респонденттердің көбісі қиындықтарды шешкенде жақын адамдардың көмегіне сүйену керектігін біледі, бірақ санаулы жасөспірімдер көмекті әртүрлі мекемелер мамандарынан алуға болатыны жайлы хабардар.

Жасөспірімдердің көбісі, балалар сенім Телефоны не екенін біледі, бірақ оған жүгінгісі келмейді. Бұл олардың өз әлсіздігін көрсетуге қорқатынын, өзінің күйзелісі жайлы бөтен адаммен сөйлесуге ұялатындығын, немесе олар Балалар сенім Телефоны арқылы психологиялық кеңес алу үрдісін дұрыс түсінбейтіндігін, көмектің бұл түрінің нәтижелі екеніне сенімсіздігін көрсетеді. Сонымен қатар Балалар сенім Телефонына хабарласатындай, олар өз мәселерінің маңыздылығының жоғары екендігін түсінбейді. Әлеуметтік педагогтар мен педагог психологтар, балаларға арналған сенім телефонының қызметі және кеңес беру ерекшеліктері туралы балалар мен жасөспірімдерді толыққанды ақпараттандыруға көңіл бөлу керек. Балаларға арналған сенім телефоны бойынша берілген ақпарат тегін және жасырын түрінде өткізілетіні айтылуы қажет. Жасөспірімдер арасында кеңес алу жүйесі бойынша ойын түрінде көптеген сынып сағаттары өткізілуі қажет.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге, яғни жасөспірімдер ортасындағы маңыздылығына байланысты психологиялық тұрақтылыққа, күйзеліс жағдайларға қарсы тұру қабілетіне, өмірлік қиындықтарға сабырлылық таныту мүмкіндігін арттыру үшін жоғары талап қойылады. Олар тек туған-туыстары мен достарының көмегіне ғана емес, сонымен бірге психологиялық қиындық жағдайында өзін-өзі дұрыс ұстау және күресу жолдарын көрсете алатын мамандардың да көмегіне мұқтаж. Бұл үшін олар қаладағы бар психологиялық орталықтар мен мамандар туралы хабардар болуы қажет. Сонымен қатар жасөспірімдер тек өзіне ғана емес, бір-біріне де көмектесе алатындай болуы үшін олардың психологиялық мәдениетін жоғарылату қажет.

ӘДБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Қазақтан Республикасының Президентінің халыққа Жолдауы. — Казахстанская правда, 11 қазан, 1997- 16
- 2 Әлімова М. Денсаулық — басты байлық. Егемен Қазақстан газеті. - Б. 4-5.
- 3 Байжанова А. Қиын балалардың психологиялық себептері // Психология. Социология.
- 4 Политология. - 2006. - №11(12). - Б. 19-23.
- 5 Егоров А.Ю. Нейропсихология девиантного поведения. - СПб.: Речь, 2006. - 224 б.
- 6 Зубок Ю.А., Чупров В.И. Молодежный экстремизм // Социс. - 2008. - №5. - С.37-47.
- 7 Қайырова Ж.А. Мінез-құлық аяуытқушылығының себептері // Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика. - 2005. - №6. - Б. 46-52.
- 8 Тұрдалиева Ш. Жасөспірімдер дамуындағы қарым-қатынастың маңызы // Мектептегі психология. - 2006. - №3. - Б. 9-16. <http://alashainasy.kz/alash/kazakstanda-keybr-pornosayttar-al-jumyis-step-tur-54252/>

А.К. Текманова, Э.И. Кусайынова, М.Ы. Махашов, Н.С. Айдралым, А.А. Аубакирова, А.К. Көксеген, Н.Е. Ескергенқызы
Казакский Национальный медицинский университет им.С.Д. Асфендиярова

АНАЛИЗ АКТУАЛЬНЫХ ПРОБЛЕМ ВОЛНУЮЩИХ СОВРЕМЕННЫХ ПОДРОСТКОВ

Резюме: Многие дети в подростковом возрасте сильно меняются и еще не обладают навыком мирно решать конфликты. Следствием этих конфликтов становятся нервозность детей, неспособность долго выдерживать напряжение, привычка к агрессии. Ласковые, спокойные, послушные вдруг превращаются в неуправляемых и грубых. Грубость, непослушание сильнее всего ранят и обижают родителей. Враждебность, замкнутость подростков пугают и настораживают.

Ключевые слова: школьники, подростки, актуальные проблемы

A.K.Tekmanova, E.I. Kusainova, M.Y. Makhashov, N.S. Aidralim, A.A. Aubakirova, A.K. Koksegen, N.E. Eskergenkyzy
Asfendiyarov Kazakh National medical university

ANALYSES OF ACTUAL PROBLEMS ALARMING CONTEMPORARY TEENAGERS

Resume: Many children in their adolescence change very much and don't possess skills of peacefully resolving conflicts. The result of these conflicts getting nervousness of teens, inability withstand voltage for a long time, habit of aggression. Gentle, calm, obedient teens suddenly turn to unmanaged and rough. Rudeness and disobedience of teens most of all hurt and offended the parents. Hospitality, insularity of teens frighten and troubling

Keywords: students, teens, actual problems